

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ  
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламент Мәжілісінің  
депутаттарына,  
«Nur Otan» партия фракциясының  
мүшелеріне**

*2021 жылғы 8 сәуірдегі №ДС-130*

**Құрметті депутаттар!**

Жер асты суларының ресурстарын сақтау және өздігінен ағатын гидрогеологиялық ұңғымаларды жоюға қатысты сіздердің депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймыз.

Жер асты сулары жеке су тұтынушылар үшін үлкен маңызға ие (мысалы, ауыз сумен жабдықтау) және иесіз өздігінен ағатын гидрогеологиялық ұңғымалардың қазіргі проблемасы өзекті болып табылады және тиісті шаралар қабылдауды талап етеді.

Зерттеу деректері бойынша тұтастай республика бойынша тұщы жер асты суларының табиғи ресурстарына, қоршаған ортаға-аумақтың тұздануы мен батпақтануы, өсімдіктердің өлуі, жасанды су айдындарының, бұлақтар мен жыралардың пайда болуы нәтижесінде жер қорына орны толмас залал келтіретін, сондай-ақ жерасты және жерүсті суларын фенолдармен, радиоактивті және улы элементтермен ластайтын 2 мыңнан астам иесіз өздігінен ағатын гидрогеологиялық ұңғымалар жойылуға жатады.

Бұған дейін «Елдің минералдық-шикізат кешенінің ресурстық базасын дамытудың 2003-2010 жылдарға арналған бағдарламасын» іске асыру шеңберінде өздігінен төгілетін 518 гидрогеологиялық ұңғыманы жою бойынша жұмыстар жүргізілген болатын.

Қазіргі уақытта су ресурстарын басқару жөніндегі ұлттық жоба (бұдан әрі – Ұлттық жоба) әзірленуде, онда су қорын қорғау жөніндегі іс-шаралар ретінде өздігінен ағып жатқан иесіз гидрогеологиялық ұңғымаларды жою жөніндегі жұмыстарды көздеу жоспарлануда.

Ұлттық жобаны іске асыру үшін жалпы сомасы 66 193,0 мың теңгеге 151 иесіз өздігінен төгілетін гидрогеологиялық ұңғымаларды жою бойынша

жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге 2021 жылға қосымша бюджеттік өтінім берілді. Мәлімделген шығыстар республикалық бюджет комиссиясының шешімімен қолдау тапты.

Осылайша, 2021 – 2025 жылдар кезеңінде жер асты суларының табиғи ресурстарының ысырабын, жер қойнауы мен қоршаған ортаның ластануын болдырмау мақсатында 600-ден астам иесіз, өздігінен төгілетін, жоғары дебитті ұңғымалар мен радионуклидтері жоғары ұңғымаларды жою жоспарлануда.

**Р. Скляр**

Қ.А. Мейрембеков  
75-00-33